

**Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес көлік құралдарының қауіпсіздік белдіктерін сыныптау туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 183 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 22-бабы 1-тармағының екінші абзацына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссиясының алқасы **шешті**:

1. Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасын түсіндірудің негізгі ережелеріне сәйкес жол-көлік оқиғасы немесе күрт тежелу жағдайында жүргізуші мен жолаушыларды өз орындарында ұстау мақсатында Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының 8701 – 8705-тауар позицияларын көлік құралдарының орындықтарының қаңқасына бекітуге арналған көлік құралдарының қауіпсіздік белдіктері 1 және 6 Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының 8708 21- субпозициясында жіктеледі.

2. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссиясы  
алқасының төрағасы*

*М. Мясникович*